

**Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1135 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.*

*Ескерту. Қаулыға өзгерістер енгізілді - ҚРПр-нің 1995.05.12. N 2268 жарлығымен.*

Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабы негізінде және дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар Бағдарламасын жүзеге асыру мен әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шаралардың кең көлемді жоспарын, қажетті нормативтік құжаттардың тізбесін қоса бір ай мерзім ішінде әзірлеп, бекітсін.

3. Министрліктер мен ведомстволар, мемлекеттік концерндер, корпорациялар мен бірлестіктер, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері шағын және жаппай жекешелендіру шеңберінде, сондай-ақ жеке жобалар бойынша 1993 жылы мемлекет иелігінен алынуға және жекешелендірілуге тиісті объектілердің өзара келісілген тізбелерін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің бекітуіне бір ай мерзім ішінде енгізісін.

1994 және 1995 жылдарға арналған осындай тізбелер Меммүліккомына келер жылдың алдындағы қазан айынан кешіктірмей берілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасы**

**Кіріспе**

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасы, бұдан әрі - Бағдарлама, Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншікті 1993-1995 жылдары жеке меншіктің түрлі нысандарына айналдырудың мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ тәртібі мен ретін белгілейді.

Жекешелендірудің негізгі мақсаты - мемлекетке қарасты өндірістік объектілерді, басқа да материалдық және материалдық емес активтерді мемлекеттің өтеусіз және өтеммен беру арқылы республика халқына ұлттық мүлікті қайтару барысында меншік хұқығын дербестендіру негізінде орталықтандырылған-жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу үшін қажетті жағдайлар жасау.

Осы мақсатты жүзеге асыру мынадай басты міндеттерді шешуді қажет етеді:

- мемлекеттік кәсіпорындардың көпшілігін акционерлеуді жүзеге асыру, мемлекеттік меншік объектілеріне шағын жекешелендіру мен жаппай жекешелендіру жүргізу жолымен нарыққа бағдарланған шаруашылық құрылымдарын жеделдете қалыптастыру;

- жекешелендіруге халықтың барлық топтарының қатысуы үшін жағдайлар жасау;

- шаруашылықты тиімді жүргізуші субъектілер ретінде жеке меншік иелерінің тобын қалыптастыру;

- бәсекелік орта жасау және өндірістің монополиясыздандырылуын қамтамасыз ету;

- шағын және орташа бизнесті дамыту;

- халық шаруашылығының ірі және бірегей объектілерін қайта құрудың жеке жобаларын жүзеге асыру;

- жеке бизнес басым болатын және шетелдік инвесторлар қатыстырылатын ұйымдық, шаруашылық құрылымдар құру;

- бағалы қағаздар нарығының субъектілері ретінде инвестициялық құрылымдар жүйесін дамыту мен нығайту.

Бағдарлама мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған принципті жолдарын белгілейді. Жекешелендірудің әдістері мен бағыттары Қазақстан Республикасы Конституциясына, Жоғарғы Кеңес мақұлдаған "Дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар және әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету (экономиканы тұрақтандыру мен нарыққа көшу кезеңіндегі) бағдарламасына", Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының келешегіне, түрлі салалардың ерекшеліктеріне, кәсіпорындар мен ұйымдардың қоғамдық өндірістегі орны мен рөліне сәйкес белгіленді.

Республикада мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру барысындағы екінші кезеңде Бағдарламада қаралған тиісті

шаралар жиынтығын жүзеге асыру көзделген.

Бағдарламаға сәйкес мемлекет иелігінен алынып, жекешелендірілуге тиісті объектілердің әрбір бағыт бойынша нақтыланған тізімін жыл сайын Үкімет бекітеді. Ол бағыттар туралы хабар халыққа жүйелі түрде жеткізіліп тұрады.

Мемлекеттік меншіктің барлық объектілері жіктестірілген екі топқа бөлінеді:

- мемлекет иелігінен алынатын және жекешелендірілетін объектілер;
- жекешелендірілуіне тыйым салынған объектілер.

Мемлекет меншік объектісін осы екі топтың біріне жатқызу үшін мыналар негіз болады: мемлекеттік меншікті сақтаудың ұтымдылығы; объектінің қай салаға жататындығы; шығарылатын өнімнің, атқарылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы.

Қазақстан Республикасының ерекше меншігі болып табылатын объектілер - жер, оның қойнауы, су, әуе кеңістігі, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар, тарих пен мәдениет ескерткіштері, Қазақстан Республикасы халқының мәдени және тарихи қазыналары, мемлекеттік бюджет қаржысы, республикалық сақтық резерв қоры мен өзге де қорлар, сондай-ақ республиканың егемендігін, әлеуметтік және мәдени дамуын қамтамасыз ететін кәсіпорындар мен мүліктік кешендер, сондай-ақ толығынан мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын мекемелер жекешелендірілуге жатпайды.

## **I. Жекешелендірудің негізгі бағыттары**

Жекешелендірудің негізгі бағыттары дегеніміз - жекешелендірілетін объектілердің әрбір тобының ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылатын жекешелендіру әдістері мен нысандарының жиынтығы.

Кәсіпорындарды жекешелендірудің белгілі бір бағытына жатқызудың өлшемдері - объектінің халық шаруашылық маңызы, қай салаға жататындығы, жұмыс істеушілердің саны, негізгі қорлардың құны.

Жұмыс істеушілердің санына сәйкес кәсіпорындар мен ұйымдар шартты түрде :

- жұмыс істеушілердің саны 200 адамнан кем шағын кәсіпорындарға;
- жұмыс істеушілердің саны 200 адамнан 5000 адамға дейінгі орташа кәсіпорындарға ;

- жұмыс істеушілердің саны 5000 адамнан астам ірі кәсіпорындарға бөлінеді. Жекешелендіру объектілерінің жыл сайынғы тізбелерін жасау кезінде объектінің салалық, аймақтық және басқа ерекшеліктеріне байланысты оның шағын, орташа және ірі кәсіпорындар тобына жатқызылуын нақтылай түсуге болады.

Жекешелендіру объектісінің шағын, орташа және кәсіпорындар тобына жатқызылуына сәйкес бағдарламада мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процестерінің мына бағыттар бойынша өрістетілуі көзделген:

- ірі және бірегей мүліктік кешендерді жеке жобалар бойынша жекешелендіру

;

- орташа кәсіпорындарды жаппай жекешелендіру;  
- сауда, коммуналдық шаруашылық, тұрмыстық және сервистік қызмет көрсету салалары шағын кәсіпорындарының аукциондары мен конкурстары арқылы жүзеге асырылатын шағын жекешелендіру.

Жекешелендірудің жеке жобалары халық шаруашылығының негізгі салаларының базалық кәсіпорындарының ұтымды ұйымдық құрылымын жасауға, жеке меншік пен мемлекеттің оларды басқаруға қатысуының ара салмағын белгілеуге, жобаны әзірлеу кезеңінен бастап отандық және шетелдік инвесторларды қатыстыруға мүмкіндік береді.

Жаппай жекешелендіру республика халқының қалың топтары үшін меншік хұқығын жүзеге асыру мүмкіндігін туғызады, бағалы қағаздармен жұмыс істеудің практикалық тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік береді.

Шағын жекешелендіру тауарлар мен қызметтің тұтыну нарығын тікелей қамтамасыз ететін меншік иелерінің қалың тобының пайда болуы үшін нақты негіз қалайды.

Шағын жекешелендіру мен жаппай жекешелендіруге халықтың барлық топтарының қатысуы үшін Қазақстан Республикасында республиканың әрбір тұрғынына мемлекеттік меншіктің белгілі бір үлесін алу хұқығына кепілдік беретін жекешелендіру купондары пайдаланылады.

Қазақстан Республикасындағы жекешелендірудің екінші кезеңінде жекешелендіру купондарының екі түрі пайдаланылады:

- тұрғын үйді сатып алуға арналған жекешелендіру купоны (тұрғын үй купондары);

- жекешелендірудің инвестициялық купоны.

Жекешелендірудің бірінші кезеңінде тек тұрғын үй сатып алуға пайдаланылатын тұрғын үй купондарын жекешелендірудің екінші кезеңінде тұрғын үйді сатып алумен қатар (сатып алғаннан кейін) шағын жекешелендіру аукциондары мен конкурстарында - сауда, тұрмыстық және сервистік қызмет кәсіпорындарын сату кезінде төлем қаражаты ретінде пайдалануға болады. Жекешелендірудің инвестициялық купондары жаппай жекешелендіру барысында арнаулы инвестициялық жекешелендіру қорына салу арқылы пайдаланылады, ол сол купондарға акционерлік қоғамдар болып қайта құрылған кәсіпорындардың акцияларын сатып алады.

## **1. Мемлекеттік сектор кәсіпорындарын акционерлеу**

Мемлекеттік сектордағы кәсіпорындар мен ұйымдарды акционерлеу - оларды барлық акциялары тұтас мемлекет меншігінде болатын акционерлік қоғамдар етіп қайта құру. бұл процесс жекешелендіруге жататын, шағын жекешелендіру шеңберінде аукцион мен конкурс арқылы сатылмайтын барлық объектілерді

қайта құрудың қажетті бастапқы кезеңі болып табылады.

Акционерлік қоғамдар етіп қайта құру:

- кәсіпорындарды басқарудың ұйымдық құрылымын өзгертіп, акционерлердің (мемлекеттік холдингтер мен компанияларда - Үкіметтің) байқаушы кеңестері мүшелерін тағайындау арқылы оның тиімділігін арттыруға;

- акционерлік қоғамның байқаушы кеңесі мен басқармасы мүшелерінің қоғамның қаржы жағдайы және бүкіл қызметінің заңдылығы үшін дербес жауапкершілігін қамтамасыз етуге, акционерлер алдында оның жыл сайын есеп беруін қамтамасыз етуге;

- қайта құрылған кәсіпорындар қызметінің коммерцияландырылуын қамтамасыз етуге;

- акциялардың бәріне немесе бір бөлігіне меншік хұқығын заңды ұйымдар мен жеке адамдарға мемлекеттің өтеулі немесе өтеусіз негізде беруі есебінен жекешелендіру процесін жеделдетуге;

- шетелдік нарықтарда кәсіпкерлік қызмет ұйымдастыру үшін қайта құрылған мемлекеттік кәсіпорындарға жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Республика Үкіметі мемлекеттік кәсіпорындарды акциялар мемлекет меншігінде болатын әрі холдинг компаниялар жүйесі арқылы басқарылатын акционерлік қоғамдар етіп қайта құрудың бастамашысы болып отыр.

Мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік акционерлік қоғамдар етіп қайта құрудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті Жарлығымен белгіленеді. Бұл шаралар акцияларды орналастырудың пәрменді мемлекеттік саясаты жүргізілуін, акцияларды беруді тіркеудің ретке келтірілген тәртібі енгізілуін, акционерлер мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Кәсіпорындар қызметкерлерінің акционерлеу процесіне қолдау көрсетуін қамтамасыз ету үшін кәсіпорынды акционерлеудің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің немесе оның аумақтық органының (бұдан әрі - Меммүлікті басқару жөніндегі комитет) комиссиясы қабылдап алған жоспарын өздері әзірлеген жағдайда, еңбек ұжымдарында артықшылықты акциялар түрінде жарғылық капитал мөлшерінің 10 процентін өтеусіз алу құқығы беріледі, бірақ ол кәсіпорын бойынша бір қызметкерге шаққандағы орташа айлық жалақының 12 мөлшерінен аспауға тиіс.

Мемлекеттік кәсіпорындар акционерлік қоғамдар болып қайта құрылғаннан кейін Меммүлікті басқару жөніндегі комитет мемлекеттік акцияларды сату туралы шешім қабылдайды. Акционерлік қоғамдардың акцияларын сатуды Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - Жекешелендіру жөніндегі комитет) жүзеге асырады.

Өтпелі кезеңде мемлекеттік бақылауды міндетті түрде сақтай отырып жекешелендірілетін объектілер тізбесіне енгізілген кәсіпорындар мемлекеттің

қатысу деңгейі әр түрлі акционерлік қоғамдар болып қайта құрылады.

Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін Меммүлікті басқару жөніндегі комитеттің шешімімен холдингтерге немесе холдинг үлгісіндегі акционерлік компанияларға беруге болады. Ол компаниялар жабық үлгідегі қоғамдар ретінде құрылады, өз қызметін коммерциялық негізде жүзеге асырады және халық шаруашылығының базалық салаларын мемлекеттің тиімді түрде реттеуінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Холдинг компанияларын құру мына шаралардың дәйекті жүзеге асырылуын көздейді :

- мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлеу;
- қызметтің бір орталықтан үйлестірілуін қажет ететін, мейлінше тығыз шаруашылық байланыстары бар кәсіпорындардың тізбесін анықтау;
- акциялардың мемлекеттік бақылау пакетін бөлу;
- холдинг құрып, оған акциялардың мемлекеттік пакеттерін иемдену, пайдалану және басқару хұқығын беру.

Қайта құрудың мұндай тетігінің жүзеге асырылуы мемлекеттік реттеу мен шаруашылықты басқару функцияларының ара жігін айқын ажыратуға мүмкіндік береді .

Мемлекеттік басқару органдары холдингтердің басшылығын Президенттерін және Байқаушы кеңестердің мүшелерін) тағайындау арқылы, сондай-ақ ұлттық мүдделердің жүзеге асырылуын - айналадағы ортаның қорғалуын, мемлекеттік бағдарламалардың және т.б. орындалуын қамтамасыз етуге бақылау негізінде олардың қызметінің реттелуін жүзеге асыруға тиіс.

Холдингтің Байқаушы кеңесі холдинг өкілдерінің қоғамдардың басқару органдарына қатысу, қоғамның пайдалылық деңгейін талдау ірі инвестицияларға бақылау жасау және т.б. негізінде холдингтің акционерлік қоғамдарының қызметіне қаржылық бақылау жасайды.

Холдинг тағайындайтын және оған есеп беретін акционерлік қоғамдардың басқарушылары акционерлік қоғамдардың қызметін жедеғабыл басқаруды жүзеге асырады .

Қазақстан Республикасының жағдайында неғұрлым оңтайлысы бірнеше мамандандырылған холдингтерді салалық принцип бойынша құрып, оларға жаңа өндірістерді дамыту немесе өздерінің қалауы бойынша акциялар пакеттерін сатып алу есебінен сан салалы даму мүмкіндігін беру болып табылады. Холдинг компаниясының ұйымдық құрылымы қаржы қаражатын шоғырландыру және оларды мақсатты пайдалану есебінен, жаңа өндірістер құру немесе кәсіпорындарды сатып алу жолымен капиталдың сан салалы дамытылуын жүзеге асыруға мүмкіндік береді .

Саладағы басқару құрылымын дереу өзгерту қажет болған жағдайда

холдингтерді жұмыс істеп тұрған мемлекеттік кәсіпорындар негізінде құрып, кейіннен оларды акционерлік қоғамдарға айналдыруға болады.

Компаниялардың тұрақты пайда алуына және тиімді жұмыс істеуіне қол жетіп, бұл қоғамдардың қызметін мемлекеттік реттеу қажеттігі болмай қалған жағдайда акциялардың мемлекеттік пакеттері жеке адамдарға және мемлекеттік емес заңды ұйымдарға, оның ішінде шетел ұйымдарына өткізілуі мүмкін.

Мемлекеттік басқару органдарының келісуімен қабылданған Меммүлікті басқару жөніндегі комитет шешімімен аталған акционерлік қоғамдарда акциялардың мемлекеттік пакеті "алтын акциямен" ауыстырылуы мүмкін.

"Алтын акция" дегеніміз - мемлекет меншігінде болатын және мынадай мәселелерді шешуде: мемлекеттік тапсырыстың басым орындалуын, акционерлік қоғамның экологиялық зиянды өндірістерге қатысу мүмкіндігін және басқаларын шектейтін жұмыстардың бағытын өзгерту кезінде тыйым салу хұқығы болатын

**б а ғ а л ы қ а ғ а з .**

Холдинг компанияларын тарату және олардың қызметінің монополиялануына жол бермеу бір салада бірнеше компаниялар құру немесе олардың қызметін сан салалы ету арқылы қамтамасыз етіледі.

Инвестициялық жекешелендіру қорларының мемлекеттік акция пакеттерін аукциондарда сатуды ұйымдастыруды Жекешелендіру жөніндегі комитет жүзеге асырады.

Акционерлік қоғамдардың тіркеуі мен қызметі туралы орталықтандырылған есеп пен ақпарат жинауды Ақпараттық есептеу орталығы жүзеге асырады, ол даму дәрежесіне қарай Мемлекеттік депозитарийге айналдырылуы мүмкін.

## **2. Жеке жобалар бойынша жекешелендіру**

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің жеке жобаларын әзірлеу аса ірі және бірегей объектілер мен кәсіпорындар бойынша жүзеге асырылады.

Бірегей объектілер дегеніміз - ерекше әлеуметтік маңызы бар өнім шығаратын немесе жұмыстарды атқаратын, сондай-ақ мемлекеттің табиғи монополиясы болып табылатын кәсіпорындар.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің жеке жобалары Комитеттің басшылығымен әзірленеді, ол қажет болған жағдайда консультациялық немесе басқару фирмаларын таңдап алады.

Жеке жобаға кезең-кезеңімен шаралар бағдарламасы:

- объектінің қызметіне және бәсекелестік қабілетіне жан-жақты талдау жасау, сондай-ақ оның мүліктік кешенінің құнын бағалау;

- объектінің ұсынылатын ұйымдық-құрылымдық, технологиялық және басқа өзгерістерінің жүйесі, мұның ішінде оның қызметін монополиясыздандыру жөніндегі шаралар;

- жекешелендіру нысандары мен әдістерін таңдап алу кіреді.

Жобаны әзірлеу Қазақстан Республикасының заң актілерінің талаптарына сәйкес жүргізіледі және Монополияға қарсы саясат жөніндегі Мемкоммен келісіліп алынуға тиіс.

Меммүліккомы өзіне табыс етілген материалдардың негізінде объектінің жекешелендіруге әзірлік деңгейін анықтайды, оңды қорытынды берілген жағдайда жобаны бекітеді және объектіні қайта құруға рұқсат береді. Жеке жобаларды жүзеге асыру:

- белгілі бір инвесторға келісілген шарттар негізінде сату;
- аукциондар немесе конкурстар арқылы өткізу;
- басқаруға контракт жасасу;
- акцияларды ашық түрде сату әдістерімен жүзеге асырылады.

Акцияларды белгілі бір инвесторға келісілген шарттар негізінде сату дегеніміз - заңды ұйымдар мен жеке адамдар белгілі бір шарттарды (инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру, жұмыс орны санының сақталуын қамтамасыз ету, өндірістің бағытын сақтау, өнімнің сапасы мен бәсекелестік қабілетін арттыру және т.б.) орындаған жағдайда оларға акцияларды сату.

Жекешелендірудің бұл тәсілі кәсіпорынды "сауықтыру" мақсатымен қатыстырылатын әлеуетті инвесторлардың тұрақты тобын құру үшін пайдаланылады.

Аукцион дегеніміз - бәсекелестік негіздегі ашық саудаласу, бұларда жеке адамдар немесе заңды ұйымдар мемлекет меншігіндегі объектілерді сатып алады. Мұндай жағдайда сатып алушылардан жекешелендіру объектісі жөнінде нендей бір шарттарды орындау талап етілмейді және меншік хұқығы саудаласу барысында ең жоғары баға ұсынған сатып алушыға беріледі.

Конкурстық сату кезінде сатып алушыдан жекешелендіру объектісі жөнінде белгілі бір талаптарды орындау (кәсіпорынның бағытын немесе объектінің мақсатын, жұмыс орындарының санын сақтау, әлеуметтік саланың объектілерін қаржыландыру және т.б.) талап етіледі. Конкурстар өткізіледі.

Коммерциялық конкурс ашық саудаласу арқылы өткізіледі. Бұл конкурста сатып алу хұқығы конкурс шарттарын сақтай отырып ең жоғары баға ұсынған сатып алушыға тиесілі болады.

Инвестициялық конкурс бойынша мемлекеттік кәсіпорындар (немесе акционерлік қоғам болып қайта құрылған кәсіпорындардың акциялары) сатып алушылардан инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру талап етілетін жағдайда сатылады. Объект конкурс талаптарына сәйкес бағдарламаның неғұрлым таңдаулы нұсқасын ұсынған алушыға сатылады.

Инвестициялық және коммерциялық конкурстар туралы ережелерді Комитет бекітеді.



Басқару контрактын жасасу пайдалану хұқығын заңды ұйымға немесе жеке адамға беру тәсілі болып табылады. Бұл әдіс объектіні жекешелендіру экономикалық жағынан тиімсіз немесе әлі ертелеу болған жағдайда қолданылады.

Контрактыда кейіннен объект жекешелендірілген кезде басқарушылар ретінде шақырылған жеке адамдарға хұқық беріледі және олардың қатысу дәрежесі ескерілетін болады.

Контракт жасасу үшін жеке адамдарды немесе мемлекеттік емес заңды ұйымдарды таңдап алу конкурстық негізде жүргізілуі мүмкін.

Акцияларды ашық түрде сату олардың бағалы қағаздар нарығында заңды ұйымдар мен жеке адамдарға өткізілуін білдіреді.

Халыққа сатуға арналған акцияларды Комитеттің шешімімен МЖҚ инвестициялық жекешелендіру купондарына айырбастау ретінде ашық бәсекелі саудаласуларда инвестициялық жекешелендіру қорларына сатуы мүмкін.

Республиканың халық шаруашылық мүдделерін басшылыққа алып, объектіні "сауықтыру" жөніндегі шаралар ұзаққа созылып әрі күрделі болған жағдайда Комитет алдын ала құрылымдық өзгерістер жасамай, тұтас мүліктік кешенді қайта құру туралы шешім қабылдауы мүмкін, бұл өзгерістер кейіннен қайта құрылған объектінің жұмыс процесінде жасалуы мүмкін.

### **3. Жаппай жекешелендіру**

Жаппай жекешелендіру барысында Қазақстан Республикасының халқына жекешелендірудің инвестициялық купондарын кәсіпорындардың акцияларын сатып алатын инвестициялық жекешелендіру қорларының акцияларына айырбастау жолымен меншік хұқығын иелену мүмкіндігі беріледі.

Жаппай жекешелендіру оған қатысушыларға еркін таңдап алу, бәсекелестік, жариялылық мүмкіндігін береді, бұл процесті басқаруда шапшаңдық пен қарапайымдылықты қамтамасыз етеді; халықтың барлық жіктерінің кеңінен қатысуымен меншікті тиімді бөлуге жағдай жасайды.

Жаппай жекешелендіру кезең-кезеңімен 3-4 жыл ішінде жүзеге асыруға есептелген. Комитет жыл сайын акцияларын инвестициялық жекешелендіру қоры жүйесіне орналастыра отырып, акцияландыруға жататын кәсіпорындардың тізбелерін анықтайды. Қазақстан Республикасының халқы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жаппай жекешелендіруді жүргізу шарттары мен мерзімі ж а й ы н д а х а б а р д а р е т і л е д і .

Шағын жекешелендіруге және жеке жобалар бойынша жекешелендіруге қосылмаған кәсіпорындар мен ұйымдардан құрылған акционерлік қоғамдарда акциялардың кемінде 51 проценті инвестициялық жекешелендіру қорына сатуға жатады. Жекешелендірген кезде мемлекет пакетін сақтауды талап етпейтін кәсіпорындардың акциялары еңбек ұжымының үлесі шығарылып тастап,

түгелдей жаппай жекешелендіру аукциондарына жіберіледі.

Еңбек ұжымы акцияларының үлесі бөлінгеннен кейін (жарғылық қаржының 10 процентінен аспайтын) және аукционда жекешелендірудің инвестициялық купондарына айырбастап, сатудан қалған инвестициялық жекешелендіру қорының акциялары мемлекет меншігінде қалдырылады. Бұл резервтік мемлекеттік пакет кәсіпорындардың қызметін өтпелі кезеңде мемлекеттің реттеп отыруы үшін пайдаланылады. Қажетіне қарай акциялардың мемлекеттік пакеттері еркін сатуға ұсынылуы мүмкін.

Жаппай жекешелендіру жүзеге асыру мынадай шараларды іске асыруды көздейді :

- Қазақстан Республикасы халқына жекешелендірудің инвестициялық купондарын беру ;

- жекешелендірудің инвестициялық купондарының иелері мен кәсіпорындар арасындағы делдал ретінде коммерциялық негізде жұмыс істейтін инвестициялық жекешелендіру қорының жүйесін құру.

Жекешелендірудің инвестициялық купондарын есептеу, айналысы және пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен арнайы Ережемен реттеледі .

Жекешелендірудің инвестициялық купондары Қазақстан Республикасының барлық тұрғындары үшін бірдей мөлшерде есептеледі және оның саны арнайы құжатта көрсетіледі. Жекешелендірудің инвестициялық купоны ақша орнына жүрмейтін шартты бірлікпен өлшенеді.

Жекешелендірудің инвестициялық купондарын Жинақ банкісінің бөлімшелері алушының тұрған жері бойынша үй басқармасы беретін отбасы құрамы туралы анықтама мен паспортының негізінде есептеп, сол купонның сомасы көрсетіліп, дербес есепшот түрінде қаттайды. Қазақстан Республикасының әрбір тұрғынына жекешелендірудің инвестициялық купондары жеке есепшотқа есептеледі.

Республиканың ауылдық жерлерде тұратын тұрғындары үшін белгіленген тәртіппен есептелген жекешелендірудің инвестициялық купондарының сомасына 1,2 арттыру коэффициенті енгізіледі.

16 жасқа дейінгі балаларға бұл купондар дербес есепшотқа есептеледі, оны жұмсау хұқы ата-анасының біріне олардың жасаған өтініші негізінде және баланың тууы туралы куәлігін көрсеткенде берілуі мүмкін.

Есепшотқа есептелген жекешелендірудің инвестициялық купондарының сомасы инвестициялық жекешелендіру қорларына Үкімет белгілеген мерзімде салынуға тиіс. Бірінші кезеңде пайдаланылатын купондардың бөлігін Үкімет жаппай жекешелендіру объектілерінің бекітілетін тізбесіне сәйкес анықтайды. Жаппай жекешелендірудің бірінші кезеңінде пайдаланылған жекешелендірудің

инвестициялық купондарының санын шектеу инвестициялық жекешелендіру қорларының бәсекелестік қабілеті әлі көріне қоймаған кезде купон иелерінің тәуекелге баруын кеміту үшін енгізіледі. Жаппай жекешелендірудің келесі кезеңдерінде пайдаланылған жекешелендірудің инвестициялық купондарының санын олардың иелері дербес анықтайтын болады.

Жекешелендірудің инвестициялық купондарын салу мерзімі халыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарланады.

Жекешелендірудің әрбір кезеңінде купон иесі өзінің купондарын бірнеше инвестициялық жекешелендіру қорларына сала алады. Инвестициялық жекешелендіру қорын таңдауды және өздері таңдап алған инвестициялық жекешелендіру қорына салынатын жекешелендірудің инвестициялық купондарының санын купон иелері дербес анықтайды.

Жекелеген қорлар қызметінің кездейсоқ тиімсіз болып шығуынан зиян шегу ықтималдығын азайту мақсатымен купондарды бірнеше инвестициялық жекешелендіру қорына салған дұрыс.

Жекешелендірудің инвестициялық купондарын жекешелендірілетін кәсіпорындардың акцияларына тікелей айырбастаудың болмауы кейбір кәсіпорындардың акцияларына орынсыз сұранысты көтермелеуге жол бермеуге және республика тұрғындарының купондарын негізсіз құнсыздандудан қорғауға ұ м т ы л у д а н т у ы н д а п о т ы р .

Жекешелендірудің инвестициялық купондарын енгізу оларды иелерінің есепшотынан арнайы құрылған инвестициялық жекешелендіру қорларының тиісті есепшотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

Әрбір инвестициялық жекешелендіру қоры осы қорға иелері салған жекешелендірудің инвестициялық купондарына айырбасталып, азаматтарға берілетін акциялар шығарады. Жекешелендірудің инвестициялық купондарының иесі өзі салған купонның саны көрсетілген инвестициялық жекешелендіру қорының акцияларын алады. Инвестициялық жекешелендіру қоры акцияларының шамаланған құны соммен емес, қор қаржысының процентімен а н ы қ т а л а д ы .

Инвестициялық жекешелендіру қорын құру және оның қызметі Комитет бекітетін Инвестициялық жекешелендіру қоры туралы арнайы Ережемен р е т т е л е д і .

Мемлекеттік емес заңды ұйымдар мен жеке адамдар инвестициялық жекешелендіру қорларының құрылтайшылары бола алады. Инвестициялық жекешелендіру қорлары ашық акционерлік қоғам ретінде құрылады, жекешелендірудің инвестициялық купондарын қор акцияларының орнына салған Қазақстан Республикасының тұрғындары оның Акционерлері бола алады. Жеке инвестициялық жекешелендіру қорларын құру шамаланған жекешелендіру емес,

нақтылы жекешелендіру жүргізу үшін оларды басқаруға салиқалы меншік иелерін - қор Акционерлерін тарту қажеттігінен туындап отыр.

Жаппай жекешелендіру процестеріне ұйымдық қызмет көрсету үшін Комитеттің жанынан Ақпараттық-есептеу орталығы құрылады, ол акционерлік қоғамдардың құрылуы және қызметі, есептелген және пайдаланылған купондардың саны, кәсіпорындар акцияларының қозғалысы туралы хабарды жинақтап, өңдеп отырады. Ақпараттық-есептеу орталығының Мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитеттер жанында өз бөлімшелері болады.

Қордың қызметі Комитет арнайы құрған Ведомствоаралық комиссия (одан әрі - Комиссия) берген лицензия негізінде жүзеге асырылады. Қабылданған шешімдердің әділдігін қамтамасыз ету және инвестициялық жекешелендіру қорларының қызметіне тәуелсіз бақылауды жүзеге асыру мақсатында Комиссияға Комитеттің, Экономика министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеттің, Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеттің, Ұлттық мемлекеттік банктің өкілдері кіреді. Лицензия алу үшін инвестициялық жекешелендіру қорының құрылтайшылары Комиссияға қорды құрушылар, қор қаржысының мөлшері қордың жекешелендірудің инвестициялық купондарын алуды жүзеге асыратын шарттары, қордың қызметі шығын келтірген жағдайда купон иелерінің алдындағы қордың жауапкершілігі туралы толық және анық хабар беріп отыруға міндетті. Комиссия қаржының ең аз мөлшері мен акциялар орналастырудың тәртібі, қордың қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен анықтығы мәселелерінде қордың қызметін реттеп отырады. Инвестициялық жекешелендіру қоры Акционерлер алдында мүлік жөнінен толық жауапты болады. Инвестициялық жекешелендіру қоры дұрыс ақпарат бермесе немесе лицензия алынған шарттарды бұзса, ол комиссия үшін қорды лицензиядан айыруға және оны жоюға негіз болады.

Инвестициялық жекешелендіру қорлары халықтың жекешелендірудің инвестициялық купондарын қорлардың акцияларына айырбастауға жинақтап отырады. МЖҚ (Мемлекеттік жекешелендіру қоры) Комитет жаппай жекешелендіру шеңберінде сату үшін жіберген мемлекеттік акцияларды жинақтайды, аукциондар өткізу мерзімі туралы хабарлайды, инвестициялық жекешелендіру қорларының аукциондарға қатысу туралы өтінімдерін жинастырады, азаматтар салған жекешелендірудің инвестициялық купондарына жекешелендірілетін мемлекеттік кәсіпорындардың акцияларын инвестициялық жекешелендіру қорлары айырбастап алатын ашық аукциондар ұйымдастырады. Аукциондарды екі деңгейде: республикалық маңызы бар кәсіпорындардың акцияларын сату жөнінде және аймақтық маңызы бар кәсіпорындардың акцияларын сату жөнінде ұйымдастыру көзделеді. Акциялары жекешелендірудің

инвестициялық купондарына айырбастау үшін аукционда өткізуге шығарылатын кәсіпорындардың тізімі аукцион өткізудің мерзімі жария етілгенге дейін кем дегенде 45 күн бұрын әрбір объектінің аукционда сатылатын акцияларының саны көрсетіліп, кәсіпорынның қаржы ахуалы туралы ақпаратпен, кәсіпорынның әрбір акциясы үшін купонның ең аз мөлшерімен (бастапқы бағалануы) бірге жарияланады. Инвестициялық жекешелендіру қорлары аукцион өткізудің хабарланған мерзіміне дейін 15 күннен кешіктірмей аукционға қатысуға МЖҚ-ға өтінім береді. Өтінімде инвестициялық жекешелендіру қорының қандай акционерлік қоғамның акциясының қанша мөлшерін алуға тырысатыны, сондай-ақ қор бір акция үшін ұсына алатын жекешелендірудің инвестициялық купондары санының жоғары шегі көрсетіледі.

Кәсіпорын акцияларының бір бөлігін акцияның нарықтық бағамын айқындау мақсатымен МЖҚ ашық саудаға жібереді.

Акцияның қосымша (қайталама) эмиссиясы мен орналастырылуын Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес акционерлік қоғамдар жүзеге асырады.

Жекешелендірілетін кәсіпорындардың акцияларын аукциондарда алуға байланысты қорлардың арасындағы бәсеке олардың саудаға түскен акциялар үшін купондардың неғұрлым көп мөлшерін ұсынуына негізделген. Бұл орайда бір аукционда жекелеген инвестициялық жекешелендіру қорлары белгілі бір кәсіпорынның акциясының 10 процентінен аспайтын мөлшерін ғана сатып ала алады. Жекелеген инвестициялық жекешелендіру қорының бір акционерлік қоғамның акциясын 20 проценттен артық шоғырландыруға қақысы жоқ. Инвестициялық жекешелендіру қорларының купондарды акцияларға айырбастап аукционда өткізу аяқталғаннан кейін акционерлік қоғамдардың акцияларын басқа инвестициялық қорлардан, заңды ұйымдар мен жеке адамдардан сатып алуына және сатуына болады.

Жаппай жекешелендіру ойдағыдай жүргізу үшін бұқаралық ақпарат құралдарымен, сонымен бірге білікті мамандардың қатысуымен арнайы курстар, әңгіме өткізу және оқыту жүйелерімен де оны ақпараттық үгітшілік қамтамасыз етуді ұйымдастыру қажет.

Жаппай жекешелендіру аяқталғаннан кейін акционерлік қоғамдардың өтпей қалған акциялары ашық саудаға жіберіледі. Акцияны сатып алушы шықпаған жағдайда Комитет оны уағдаластық шартымен холдингтік немесе солар тәріздес компанияларға беруі мүмкін.

#### **4. Шағын жекешелендіру**

Шағын жекешелендіру міндетті түрде жекешелендіруге жататын, көлемі ықшам, жұмыс істейтін адамдардың саны 200 адамнан аспайтын кәсіпорындар мен ұйымдарды қамтиды.

Бұл бағыт шеңберінде бөлшек және көтерме сауда, қоғамдық тамақтандыру мен тұрмыстық қызмет көрсету салаларындағы объектілердің ұзын ырғасы жекешелендіріледі. Шағын жекешелендіру жүргізілер алдында сауда және автокөлік кәсіпорындары сегменттерге бөлінеді (бөлшектеледі), бұл бірнеше дербес заңды ұйымдар құруды көздейді.

Халықтың аз қамтамасыз етілген бөлігіне қызмет көрсететін сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары мемлекет меншігінде қалады.

Агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарының қолындағы фирмалық дүкендерді жекешелендіру осы кәсіпорындармен бірге жүзеге асырылады.

Объектіні жекешелендіру оны аукционға немесе конкурсқа даярлаудан басталады, бұл жөнінде кәсіпорынның қызметкерлеріне уақытылы хабарланады. Мемлекет жекешелеген жағдайларда оның қызметкерлері алдындағы қарызы мен міндеттемелерін қоса кәсіпорынның бүкіл пассивін өз мойнына алады. Кәсіпорынның өткізілетін активтерінің құрамына оның мүліктік кешендері ғана: негізгі қорлары (ғимаратты сату тиімсіз болған жағдайда оны ұзақ мерзімді жалға беру хұқы сатылады), шикізаты, материалдары, қорлары, аспаптары және т . б . к і р е д і .

Меммүлікті басқару жөніндегі комитет пен Жекешелендіру жөніндегі комитет мемлекеттік басқару органдарымен бірлесіп тоқсан сайын шағын жекешелендіруге жатқызылған кәсіпорындардың тізбесін түзеді. Тізімді жариялау онда аталған кәсіпорындарды жекешелендірудің басталғанын ресми хабарлау болып табылады. Несиегерлерге кәсіпорынды таратудың белгіленген тәртібіне сәйкес кәсіпорынға өз талабын білдіру үшін белгілі бір уақыт беріледі.

Шағын жекешелендіру жеке адам мен мемлекеттік емес заңды ұйымдардың қатысуымен өткізілетін аукцион немесе конкурс нысанында жүзеге асырылады. Шағын жекешелендіру шеңберінде аукциондар мен конкурстар өткізу тәртібі Жекешелендіру жөніндегі комитет пен Меммүлікті басқару жөніндегі комитет бірлесіп бекітетін тиісті ережелермен белгіленеді. Объекті конкурс арқылы сатылған кезде Қазақстан Республикасының азаматтарына және шаруашылық серіктестіктерін құрған жағдайда өткізілетін объектінің қызметкерлеріне басымдық беріледі. Аукционда немесе конкурста өткізілетін объектінің қызметкерлерінің 50 проценттен астамын біріктіретін шаруашылық серіктестігі қатысқан жағдайда, оларға сату бағасының 10 процентіне дейін арзанға алуға м ү м к і н д і к б е р і л е д і .

Бәсекесіз аукциондар мен конкурстар өткізуге жол беріледі. Аукционда немесе конкурста мүлікті сатып алғаны үшін алушы төлеген соманың 50 проценті ақшадай қаржыдан және 50 проценті жекешелендірілген тұрғын үй к у п о н д а р ы н а н т ұ р а д ы .

Шағын жекешелендіру процесіне тұрғын үйді жекешелендіру купондарын

катыстыру тетігін жүзеге асыру үшін тұрғын үй купондарын еркін сатып алу-сату енгізіледі. Тұрғын үй купондарын сатып алу және сату процесі жекешелендірудің чектік кітапшаларының көмегімен Жинақ банкілерінің бөлімшелері арқылы жүзеге асырылады.

Төлем құралы ретінде тұрғын үй купондарын қолдану арқылы жүргізілетін аукциондарға және конкурстарға қатысу үшін азаматтар делдалдардың қызметін пайдалануға (уағдаластық негізде) хұқылы.

Шағын жекешелендірудің барысында тұрғын үй купондарын пайдалану арнайы Ережемен реттеледі.

Тұрғын үй купондарын тұрғын үйді сатып алуға пайдаланудың тетігі бұрынғы қалпында қалады.

## **II. Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру**

Агроөнеркәсіп кешенінде мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру меншік иесінің ынта білдіруіне қарай Бағдарламаға сәйкес оның түрлі салаларының, кәсіпорындары мен ұйымдарының ерекшеліктері ескеріле отырып жүргізіледі.

Жер және басқа табиғат ресурстары Қазақстан Республикасының ерекше меншігі болып табылады, жекешелендіруге жатпайды, алайда ұзақ мерзімді жалға (99 жылға дейінгі мерзімге) берілуі мүмкін.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының мемлекеттік меншігін жекешелендіру мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- совхоздарды және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын фермерлік және шаруа қожалықтарына, ауыл шаруашылығы кооперативтеріне, шағын кәсіпорындар мен олардың ассоциацияларына және шаруашылық жүргізудің басқадай мемлекеттік емес нысандарына айналдыру;

- ашық немесе жабық үлгідегі акционерлік қоғамдар құру;

- мемлекеттік мүлікті конкурс бойынша немесе аукционда сату.

Құс фабрикаларын, ірі мал шаруашылық кешендерін, жылы-жай комбинаттарын жекешелендіру оларды акционерлік қоғамдарға, басқа да шаруашылық қоғамдарына немесе серіктестіктерге айналдыру арқылы акциялар (үлестер, пайлар) алуға олармен технологиялық байланыстағы товар өндірушілерге, бұлар өндіріс процесінің үздіксіздігін және қолданылып жүрген көлбеу байланысты сақтаған жағдайда басымдық хұқын бере отырып, жүзеге асырылады.

Агроөнеркәсіп кешенінің дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру солардың базасында ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар құру жолымен жүзеге асырылады. Бөлінбей және өткізілмей қалған акциялар мемлекет меншігінде қалдырылады.

Меммүлікті басқару жөніндегі комитет акцияларының мемлекеттік пакетін ұстаушыны анықтайды.

Үнемі шығынмен жұмыс істейтін мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендіру аталған шаруашылықтардың еңбек ұжымдары құрған шаруашылық серіктестіктеріне немесе акционерлік қоғамдарға олардың мүлкін өтеусіз беру жолымен жүргізіледі, не болмаса, еңбек ұжымы ол мүлікті алудан бас тартқан жағдайда, аукцион немесе конкурс арқылы сатылуы мүмкін.

Тұрғын үй жекешелендіру купондарын мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының мүлкін сатып алған кезде жекелеген қызметкерлер немесе олар құрған шаруашылық серіктестіктері пайдалана алады. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының мүлкін сату бағасының 75 процентке дейінгісін тұрғын үй жекешелендіру купондарымен төлеуге болады. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының мүлкін сату шаруашылықтың ауыл шаруашылық бағдарын сақтау шартымен жүзеге асырылады. Бұл ретте жаңа меншік иесі алынған мүлікті, егер мұның өзі сатып алу-сату шартының талаптарын бұзбайтын болса, өзінің қалауынша пайдалануға хақылы.

Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын жекешелендіруге жекешелендірілетін кәсіпорынның барлық қызметкерлері және осы шаруашылық аумағында тұратын басқа да азаматтар қатысады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бәріне де қалалардағы конкурстық және аукциондық негіздегі шағын жекешелендіруге қатысуға мүмкіндік беріледі.

Мемлекеттік меншікті жекешелендіруден түскен қаражаттың бір бөлігі ауыл шаруашылығындағы нарықтық құрылымдарды дамыту мен қолдау үшін жұмсалады.

Ұжымдық кәсіпорындарға шаруашылық серіктестіктер немесе акционерлік қоғамдар болып қайта құрылып, қайта тіркеуден өтуге ұсыныс жасалады.

### **III. Жекешелендіру процесіне шетелдік заңды ұйымдар мен жеке адамдардың қатысуы**

Шетелдік заңды ұйымдар мен жеке адамдар жекешелендіру процестерінің барлық түрлеріне қатысады. олардың қызметі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен, Үкіметаралық шарттармен және келісімдермен реттелеп отырады.

Шетелдік заңды ұйымдар мен жеке адамдар мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру процесіне қаржылық мүмкіндіктері қаралып, Шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттік оларға тиісті лицензиялар бергеннен кейін қатысады.

Шетелдік заңды ұйымдар мен жеке адамдардың жеке жобалар бойынша жүзеге асырылатын мемлекеттік меншікті жекешелендіруге қатысуының тәртібі



мен шарттарын, егер Үкіметаралық шарттар мен келісімдерде өзгеше тұжырымдаулар болмаса, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес Меммүлікті басқару жөніндегі комитет Жекешелендіру жөніндегі комитетпен бірлесіп және Экономика министрлігі айқындайды.

Экономика министрлігі мүдделі заңды ұйымдар мен жеке адамдарға қатыстырылатын инвесторлардың экономикалық және қаржылық мүмкіндіктері туралы мүмкіндігінше ақпарат береді.

Шетелдік заңды ұйымдар мен жеке адамдар жекешелендіру процесіне қатысқан кезде объектіні бағалау ұлттық валютамен де, сондай-ақ мүліктің осындай түрлері мен қызмет түрлеріне әлемдік баға деңгейіне сәйкес шетелдік валютамен де жүргізіледі.

#### **IV. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процесін басқаруды ұйымдастыру жүйесі**

Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру туралы шешімді Меммүлікті басқару жөніндегі комитет пен оның аумақтық органдары министрліктердің, ведомстволар мен жергілікті әкімшіліктердің қатысуымен қабылдайды. Мемлекеттік меншікті сату жөніндегі тікелей жұмысты Жекешелендіру жөніндегі комитет жүзеге асырады.

Мүлікті бағалау жөніндегі дайындық жұмысы мен жекешелендіруге қажетті құжаттарды әзірлеуді Меммүлікті басқару жөніндегі комитет пен Жекешелендіру жөніндегі комитеттің органдарымен қатар оларға қатысты жекешелендіру туралы шешім шығарылған мемлекеттік кәсіпорындар, жекешелендіру жөніндегі бюро, аталған жұмыстарды жүргізуге Меммүлікті басқару жөніндегі комитеттен лицензия алған мемлекеттік емес коммерциялық құрылымдар жүргізеді.

Бағдарламаны іске асыруға бақылауды Қазақстан Республикасының Президенті жүзеге асырады. Жекешелендіру Бағдарламасының орындалу барысы республикалық және жергілікті баспасөзде үнемі әйгіленіп отырады.

#### **V. Мемлекеттік меншікті жекешелендіруден алынған қаражаттың түсуі мен бөліну тәртібі**

Мемлекеттік меншік объектілерін сатудан келген бүкіл ақшалай және өзге де түсімдерді жекешелендіруден алынған қаражат деп ұғамыз.

Меммүлікті басқару жөніндегі комитет мен оның аумақтық комитеттері акцияларының мемлекеттік пакеттерін алатын кірістің үлесі мен жалгерлік ақы жекешелендіруден түскен қаражаттың құрамына енгізілмейді және бюджеттегі арнаулы есепшоттарға аударылады.

"Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру туралы" Заңға сәйкес жекешелендіруден алынған қаражат мемлекет меншігі болып табылады және арнайы шоттарға аударылады.

Шағын жекешелендіру шеңберінде аукциондық сатудан алынған ақшалай

қаражат жекешелендірілген объектілердің берешегін өтегеннен кейін арнайы шоттарға аударылады.

Республикалық арнайы шотқа түскен қаражат, Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынысы бойынша ішкі мемлекеттік берешекті өтеуге және басқа мақсаттарға жұмсалады.

Жергілікті әкімшіліктердің шоттарына түскен қаражат, сондай-ақ республикалық арнайы шоттағы қаржының бір бөлігі халықтың аз қамтамасыз етілген және әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарын қолдау мен қорғауға, жұмыссыздыққа байланысты төлемдер жасауға, кадрлар даярлау мен қайта даярлауға және басқа мақсаттарға жұмсалуды мүмкін.

Аталған қаражатты жұмсау тәртібі жергілікті әкімдер белгілейді.

Үкімет жекешелендіру Бағдарламасын іске асыруға жұмсалатын қаражаттың бір бөлігін бекітеді.

## **VI. Әлеуметтік қорғау шаралары**

Бағдарламаны іске асыру республика халқын әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асырумен, соның ішінде:

- мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру барысында босаған қызметкерлердің кадрларды даярлау мен қайта даярлау жөніндегі мемлекеттік және жеке мекемелер жүйесі арқылы қызметі мен кәсібін ауыстыруына мүмкіндік туғызу; Үкімет бекіткен ереженің негізінде қоғамдық жұмыстар жүйесін ұйымдастыру; қоғамдық жұмыстарды республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, сондай-ақ мүдделі кәсіпорындардың қаражаты есебінен қаржыландыру; жекешелендіру барысында босаған еңбек ресурстарын, сондай-ақ зейнеткерлер мен мүгедектердің еңбегін пайдаланатын шағын бизнесті дамыту үшін салық жеңілдіктерінің жүйесін құру негізінде жұмыспен қамтамасыз етумен;

- мемлекет мүлкін жекешелендіру барысында алынған қаржының 10-15 проценті мөлшерінде халықтың аз қамтамасыз етілген және әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарын қолдау мен әлеуметтік жағынан қорғау үшін; кәсіпорындардың аударымдары, мемлекеттік және жергілікті бюджеттердің қаражаты, заңды және жеке адамдардың ерікті қайырмалдығы есебінен жұмыссыздық жөнінде төлемдер жасау үшін; мемлекет мүлкін жекешелендіруден алынған қаражаттың 10 процентін аудару және кәсіпкерлердің ерікті қайырмалдықтары есебінен экологиялық зілзала өңірлерін әлеуметтік-экономикалық жағынан дамыту үшін арнайы мемлекеттік жеке және аралас қорлар құрумен қатар жүргізілуге тиіс.

